



Автор: Ахметова Жанар Ерсейтовна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Сүйіспеншілік пен достық

Тақырып: Қайырымдылық – сүйіспеншіліктің бір көрінісі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру (7.05.)
Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың барлығы: Қайырымдылық туралы мәтіндермен танысады және етістіктің есімше түрін еске түсіреді. Оқушылардың көпшілігі: Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастырады, сұрақтың өмірдегі маңыздылығын ашады. Оқушылардың кейбіреуі: «Қайырымдылық – адам жанының нұры» сөйлеміне сатылай кешенді талдайды.
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика мен терминология: қайырымдылық, сүйіспеншілік, мейірімділік, жанашырлық, имандылық. Оқушылар түсінеді және сипаттайды
Күтілетін нәтиже:	Мақал бойынша өз пікірін жеткізе алады. - Сатылай кешенді талдау жасай алады
Бағалау критерийлері:	Білім алушы: • Мәтіндегі мәселені түсінеді; • Мәтін идеясын анықтай алады; • Проблемалық сұрақ құрастыра алады; • Қойылған сұрақтарға ұтымды жауап бере алады. • Мәтіннен есімшелерді тауып, қолданылуын түсіндіреді
Құндылықтарды дарыту:	Қайырымдылық тәрбие беру
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Бейнежазба
Пәнаралық байланыс:	Әдебиет, өзін-өзі тану
Бастапқы білім:	Отбасындағы сүйіспеншілік

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10)	Сәлемдесу. “Амандасу” тренингі Оқушылар дөңгелене отырады. Барлығы тақтаға қарайды. Егер тақтада күлкі бейнеленсе, онда бір - бірімізге күлімсірей қараймыз, қол бейнеленсе - қолымызды қысып амандасамыз, күн бейнеленсе - жақсы ықыласпен сәлемдесеміз, жүрек бейнеленсе - құшақтасамыз. 1. Бейнежазба көру арқылы оқушылардың қызығушылығын ояту. 2. Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы Дұрыс жауап беріледі. Бір топ бір топты тексереді. Қ/Б. Екі жұлдыз, бір тілек	Суреттер Бейнежазба
Сабақтың ортасы (12)	2-тапсырма. «Сағат тілі» әдісі Мәтіннен есімшелерді тауып дәптерге сағат тілімен ауысып отырып жазыңыз. Дескриптор: - Мәтіндегі есімшелерді ажыратады. - Есімше тұлғалы сөздерді теріп жазады. Қ/Б: «Қолдау, қолпаштау» әдісі 3-тапсырма. «Ортадағы қалам» әдісі Қайырымдылық – адам жанының нұры. 1-топ. Сөйлемге синтаксистік талдаудың 1,2,3 сатысына талдау. 2-топ. Нұры сөзін сөз құрамына лексика-грамматикалық мағынасына 1,2,3 сатысына талдау. 3-топ. Жанының сөзіне сөзсаяндық 1,2,3 сатысына талдау. 4-топ. Дауысты дыбыстарға математикалық тәсілмен мінездеме беру. Дескриптор: -Мақал бойынша өз пікірін білдіреді. - Сатылай кешенді талдайды.	Мәтін, дәптер
Сабақтың соңы (11)	Қорытынды: Қайырымдылық – жақсы қасиет. Ол кішіге қамқор болу, үлкенге көмектесу, ізгілікті іс жасау. Қайырымды адамды туыстары жақсы көреді, мақтан тұтады.	Дәптер, тақта

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия (7)	Кері байланыс. Шеринг жаттығуы Бүгін не үйрендің? Ол сенің өміріңе қаншалықты қажет? (оқушылар осы сұрақтар төңірегінде бір сөйлеммен жауап береді)	қима қағаздар